



**БҮЙРЫҚ**

№ 153 н  
Нұр-Сұлтан қаласы

**ПРИКАЗ**

*Овмен дордого*  
город Нур-Султан

**О создании экспертной группы  
по разработке и формированию карты экологической чувствительности и  
принятия решения по определению индекса чувствительности для  
ликвидации разлива нефти на море, внутренних водоемах и в  
предохранительной зоне Республики Казахстан**

В соответствии с пунктом 11 статьи 398 Экологического кодекса Республики Казахстан, пунктом 12 Правил разработки карты экологической чувствительности и принятия решения по определению индекса чувствительности для ликвидации разлива нефти на море, внутренних водоемах и в предохранительной зоне Республики Казахстан, утвержденных приказом Министра экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан от 24 июня 2021 года № 210, **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить состав экспертной группы по разработке и формированию карты экологической чувствительности и принятия решения по определению индекса чувствительности для ликвидации разлива нефти на море, внутренних водоемах и в предохранительной зоне Республики Казахстан согласно приложению 1 к настоящему приказу.

2. Утвердить Регламент работы экспертной группы по разработке и формированию карты экологической чувствительности и принятия решения по определению индекса чувствительности для ликвидации разлива нефти на море, внутренних водоемах и в предохранительной зоне Республики Казахстан согласно приложению 2 к настоящему приказу.

3. Комитету экологического регулирования и контроля Министерства экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан в установленном законодательством порядке обеспечить размещение настоящего приказа на интернет-ресурсе Министерства экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан.

4. Отменить Приказ Министра экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан от 7 декабря 2021 года №487-п «Об утверждении состава экспертной группы по разработке и формированию карты экологической чувствительности и принятия решения по определению индекса чувствительности для ликвидации разлива нефти на море, внутренних водоемах и в предохранительной зоне Республики Казахстан».

5. Контроль за исполнением настоящего приказа возложить на курирующего вице-министра экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан.

6. Настоящий приказ вводится в действие со дня его подписания.

**Министр экологии,  
геологии и природных ресурсов  
Республики Казахстан**



*Handwritten signature*

**С. Брекешев**



**БҰЙРЫҚ**

№ 153-Ө  
Нұр-Сұлтан қаласы

**ПРИКАЗ**

*Д.Д.М. Ов...*  
город Нур-Султан

**Қазақстан Республикасының теңізінде, ішкі су айдындарында және сақтық аймағында мұнайдың төгілуін жою үшін экологиялық сезімталдық картасын әзірлеу және қалыптастыру және сезімталдық индексін айқындау бойынша шешім қабылдау жөніндегі сараптамалық топтың құрамын және жұмыс регламентін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 398-бабының 11-тармағына, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 24 маусымдағы № 210 бұйрығымен бекітілген Экологиялық сезімталдық картасын әзірлеу және Қазақстан Республикасының теңізінде, ішкі су айдындарында және сақтық аймағында мұнайдың төгілуін жою үшін сезімталдық индексін айқындау бойынша шешімдер қабылдау қағидаларының 12-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасының теңізінде, ішкі су айдындарында және сақтық аймағында мұнайдың төгілуін жою үшін экологиялық сезімталдық картасын әзірлеу және қалыптастыру және сезімталдық индексін айқындау бойынша шешім қабылдау жөніндегі сараптамалық топтың құрамы осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының теңізінде, ішкі су айдындарында және сақтық аймағында мұнайдың төгілуін жою үшін экологиялық сезімталдық картасын әзірлеу және қалыптастыру және сезімталдық индексін айқындау бойынша шешім қабылдау жөніндегі сараптамалық топтың жұмыс регламенті осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің «Қазақстан Республикасының теңізінде, ішкі су айдындарында және сақтық аймағында мұнайдың төгілуін жою үшін экологиялық сезімталдық картасын әзірлеу және қалыптастыру және сезімталдық индексін айқындау бойынша шешім қабылдау жөніндегі сараптамалық топтың құрамын бекіту туралы» 2021 жылғы 7 желтоқсандағы №487-ө бұйрығы жойылсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

6. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Экология, геология және  
табиғи ресурстар министрі



С. Брекешев

Қазақстан Республикасының  
Экология, геология және  
табиғи ресурстар  
министрінің 2022 жылғы  
\_\_\_\_\_№\_\_\_\_\_  
бұйрығына 1-қосымша

**Қазақстан Республикасының теңізінде, ішкі су айдындарында және  
сақтық аймағында мұнайдың төгілуін жою үшін экологиялық  
сезімталдық картасын әзірлеу және қалыптастыру және сезімталдық  
индексін айқындау жөнінде шешім қабылдау жөніндегі сараптама  
тобының құрамы**

Сүлейменова Болатқызы	Зульфия	-	Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі, жетекші;
Жолдасов Зұлфұхар	Сансызбайұлы	-	Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің төрағасы;
Ширанов Ақзан	Рашидұлы	-	Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық саясат және тұрақты даму департаментінің директоры;
Даулетьярова Наталья	Ивановна	-	Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық саясат және тұрақты даму департаменті директорының орынбасары;
Кожиков Ерболат	Селбайұлы	-	Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитеті төрағасының орынбасары;
Чумакаев Қуат	Хазиұлы	-	Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті Жануарлар

		дүниесі және аңшылық шаруашылығы басқармасының басшысы;
Нұрпейісов Мәди Науанұлы	-	Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті Орман шаруашылығы дамыту басқармасының басшысы;
Нұрғазин Ринат Нұрғазыұлы	-	Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар басқармасының басшысы;
Суықбаев Ерасыл Кәрімғалиұлы	-	Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Балық шаруашылығы комитеті Балық ресурстарын қорғау және балық аулауды реттеу басқармасының бас сарапшысы;
Иманалиев Марат Уәлиханұлы	-	Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстар комитеті Су қорын пайдалану және қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау басқармасының басшысы;
Әміров Жеңіс Опабекұлы	-	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабы РХБ қорғау әскерлері және экологиялық қауіпсіздік департаментінің басқарма бастығы, подполковник (келісім бойынша);
Майлебаев Мұратұлы	Асқар -	Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Төтенше жағдайлардың алдын алу департаменті Табиғи сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу басқарма бастығы (келісім бойынша);
Сейтпағамбетов Айдын Жеңісұлы	-	Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Мұнай игеру және өндіру департаменті Ірі жобаларды дамытуды мониторингтеу және талдамалы жұмыс

	басқармасының басшысы (келісім бойынша);
Доспаева Гүлнар Қайратқызы	- Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Мұнай тасымалдау және өңдеу департаменті Мұнай тасымалдау басқармасының бас сарапшысы (келісім бойынша);
Балабаева Алтынкүл Ибрагимқызы	- «ҚОҚ АТО» ШЖҚ РМК Мемлекеттік экологиялық ақпарат қоры департаментінің директоры;
Ортбаева Айнур Уәлиханқызы	- «Қазгидромет» РМК Экологиялық мониторинг департаменті Экологиялық мониторинг басқармасының басшысы;
Ивкина Наталья Ивановна	- «Қазгидромет» РМК Ғылыми-зерттеу орталығы Каспий теңізінің гидрометеорологиялық зерттеулер басқарма басшысы;
Еңсеген Динара Серікқызы	- Маңғыстау облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының бөлім басшысы (келісім бойынша);
Талапиденова Айдана Балтабайқызы	- Атырау облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының Жер қойнауын пайдалану, су ресурстары және орман шаруашылығы бөлімінің басшысы (келісім бойынша);
Скоринцева Ирина Борисовна	- «География және су қауіпсіздігі институты» АҚ «Географиялық зерттеулер» орталығының басқарушы директоры, г.ғ.д. (келісім бойынша);
Кадимов Ерболат Латифұлы	- ЖШС «Балық шаруашылығы ғылыми - өндірістік орталығы» Атырау филиалының директоры (келісім бойынша);
Ербөлеков Сағиден Тұрсынғалиұлы	- әсер ету және биоәртүрлілік мониторингі тобының басшысы, NCOC (келісім бойынша);
Ухов Сергей Викторович	- қоршаған ортаны қорғау тобының басшысы, NCOC (келісім бойынша);
Қуанышев Ержан Қадырқожаұлы	- жобалар және рұқсат алу жөніндегі топ басшысы, NCOC (келісім бойынша);
Ғабдулова Гүлсаят Бауыржанқызы	- төтенше жағдайларды жою және мұнайдың төгілуіне ден қою жөніндегі инженер, NCOC (келісім бойынша);
Ержанова	- «Ақтау теңіз сауда порты» ҰК» АҚ

Ғазиза Базарбайқызы		қоршаған ортаны қорғау жөніндегі жетекші маман (келісім бойынша);
Құсманов Дастан Базарбекұлы	-	экология бөлімінің кеңесшісі, «Теңізшевройл» ЖШС (келісім бойынша);
Мұратбаев Талғатбек Манарбекұлы	-	экология бөлімінің кеңесшісі, «Теңізшевройл» ЖШС (келісім бойынша);
Аманиязов Бақытжан Тұрдыұлы	-	«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау басқармасының бастығы (келісім бойынша);
Бақытқызы Гүлвира	-	«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ қоршаған ортаны қорғау басқармасының бас маманы (келісім бойынша);
Қасымбекова Салтанат Саинқызы	-	«KMG System&Services» ЖШС қоршаған ортаны қорғау бас менеджері (келісім бойынша);
Айтбек Арман Мұратұлы	-	«Құрық Порты» ЖШС бас менеджері (келісім бойынша);
Мұқашева Ақжан Тұрланқызы	-	«Құрық Порты» ЖШС өндірістік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік қызметінің 3 дәрежелі менеджері (келісім бойынша).

**Согласовано**

19.04.2022 13:33 Батырбаев Аскар Куанышкалиевич  
19.04.2022 14:50 Рахметов Әділбек Русланұлы  
19.04.2022 14:58 Кенжесары Ақмарал Серікқызы  
19.04.2022 15:28 Ибраимов Талғат Болысович  
19.04.2022 15:33 Кожиков Ерболат Сельбаевич  
19.04.2022 15:44 Хайруллин Муратқали Каримович  
19.04.2022 18:58 Нугманова Марал Койшыбекқызы  
25.04.2022 09:32 Жолдасов Зулфухар Сансызбаевич  
26.04.2022 12:21 Момышев Т.А. ((и.о Сулейменова З.Б.))

**Подписано**

06.05.2022 13:20 БРЕКЕШЕВ Серікқали Аманғалиұлы



Қазақстан Республикасының  
Экология, геология және  
табиғи ресурстар  
министрінің  
2022 жылғы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_  
бұйрығына 2-қосымша

**Қазақстан Республикасының теңізінде, ішкі су айдындарында және сақтық аймағында мұнайдың төгілуін жою үшін экологиялық сезімталдық картасын әзірлеу және қалыптастыру және сезімталдық индексін айқындау жөнінде шешім қабылдау жөніндегі сараптама тобының жұмыс регламенті**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1.1. Осы регламент Қазақстан Республикасының теңізінде, ішкі су айдындарында және сақтық аймағында мұнайдың төгілуін жою үшін экологиялық сезімталдық картасын әзірлеу мен қалыптастыру және сезімталдық индексін айқындау бойынша шешім қабылдау жөніндегі сараптама тобы қызметінің тәртібін айқындайды.

1.2. Сараптама тобы өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын; «Экологиялық сезімталдық картасын әзірлеу және теңізде мұнайдың төгілуін жою үшін сезімталдық индексін айқындау жөнінде шешім қабылдау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 24 маусымдағы № 210 бұйрығын (бұдан әрі – Қағидалар); «Қазақстан Республикасының теңізінде, ішкі су айдындарында және сақтық аймағында мұнайдың төгілуін жою үшін экологиялық сезімталдық картасын әзірлеу әдіснамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 27 шілдедегі № 272 бұйрығын; «Жиынтық экологиялық пайданы талдау мәселелері және теңізде мұнайдың төгілуін жою әдістері бойынша ұсынылатын ең үздік халықаралық практикалар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 9 маусымдағы № 188-ө бұйрығын; Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларын; және тағыда осы Регламентті басшылыққа алады.

**2-тарау. Сарапшылар тобының негізгі міндеттері**

2.1. Сараптама тобының негізгі міндеттері:  
ресурстар, объектілер және жағалау бойынша қолда бар ақпаратты бағалау;

зерттеу және қосымша ақпарат жинау қажеттілігі бар жағалау аймақтары мен аудандарын және ресурстарды айқындау;

географиялық шекараларды анықтау: Ресей Федерациясымен шекара-Түпқараған шығанағы, жағалау + 5 километр құрлықта + 5 километр теңізде + су басу қаупі бар аймақтар, тасталған ұңғымалар, таяз су және теңіздегі аумақ (ең аз ақпарат);

далалық жұмыстарды және карталау жөніндегі жұмыстарды жүргізу тәртібін айқындау, персонал мен ресурстар (мұнай компанияларымен бірлесіп, егер олардың келісімшарттық аумағы далалық жұмыстарды жүргізу аумағына келетін болса);

әзірлеу және қалыптастыру үшін карта түрлерін анықтау;

басым қорғаныс учаскелерін таңдау, сондай-ақ стратегиялық картаға түсіру үшін жағалауға сезімталдық индексін беру;

қағидалардың қосымшасына сәйкес бастапқы деректерді жинау;

тактикалық карталарды дайындау;

тактикалық карталарда көрсетілгендерден басым қорғаныс учаскелерін таңдау, сондай-ақ жағалауға сезімталдық индексін тағайындау;

басым қорғау учаскелерін және жағалауға сезімталдық индексін көрсете отырып, стратегиялық карталарды дайындау;

жедел карталарды дайындау;

өзге де мәселелерді, оның ішінде жұмыс тобының жұмыс жоспарына және тиісті отырыстардың күн тәртібіне енгізілген мәселелерді қарау.

### **3-тарау. Сараптама тобының құрылымы мен мәртебесі**

3.1. Сараптама тобы өз қызметін осы регламент пен сараптама тобының шешімдері негізінде қойылған мақсаттарға қол жеткізу және негізгі міндеттерді іске асыру бойынша жүзеге асырады.

3.2. Сараптама тобы жұмыс тобының басшысынан, жұмыс тобы басшысының орынбасарынан, жұмыс тобының мүшелерінен және сараптама тобының хатшылығынан тұрады.

### **4-тарау. Сараптама тобының қызметін ұйымдастыру**

4.1. Сараптама тобын сараптама тобының басшысы – Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі басқарады.

4.2. Сараптама тобының жетекшісі:

сараптама тобының отырысын өткізу күнін белгілейді;

сараптамалық топ отырысы күн тәртібінің жобасын бекітеді;

сараптама тобының отырыстарын жүргізеді;

сарапшылар тобының атынан сарапшылар тобының қызметіне қатысуға мамандар мен сарапшыларды тартады.

4.3. Сараптама тобының мүшелері:

негізгі міндеттерге сәйкес мәселелерді сараптамалық топтың отырыстарында қарауға бастамашылық етеді;

сараптама тобының отырыстарында қарауға ұсынылған мәселелерді талқылауға қатысады;

сараптама тобының отырыстарында қабылданған шешімдердің орындалуын қамтамасыз етеді;

сараптамалық топ отырыстарының күн тәртібіне енгізу үшін сұрақтар ұсынады;

сараптама тобының отырыстарына қатысады;

өз құзыреті шеңберінде өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

4.4. Отырысқа қатысу мүмкін болмаған жағдайда, сараптама тобының мүшесі сараптама тобының отырысы өткізілетін күнге дейін 2 жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы сараптама тобының басшысын хабардар етеді және сараптама тобының отырысына қатысу үшін уәкілетті өкілді жібереді.

4.5. Сараптама тобының қызметін Хатшылық – «Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» ШЖҚ РМК қамтамасыз етеді.

Сараптама тобының хатшылығы:

сараптама тобының отырыстарын өткізуге және сараптама тобының мүшелерін қажетті ақпараттық материалдармен қамтамасыз етуге байланысты мәселелер бойынша сараптама тобының мүшелерімен ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

алынған ақпаратқа талдау, өңдеу жүргізеді.

сараптама тобының отырысында қарау үшін материалдар мен құжаттарды дайындау және таратуды;

сараптама тобының отырыстарын өткізуді ұйымдастыруды;

сараптама тобының шешімдерін ресімдеуді және таратуды;

сараптама тобы отырыстарының хаттамаларын жүргізуді қамтамасыз етеді.

4.6. Сараптама тобының қызметіне оның басшысы сарапшылар тартуы мүмкін.

## **5-тарау. Сараптама тобының отырыстарын өткізу тәртібі**

5.1. Сараптама тобының отырыстары сараптама тобы басшысының немесе сараптама тобының кемінде екі мүшесінің бастамасы бойынша өткізіледі.

5.2. Сараптама тобының отырысын сараптама тобының басшысы жүргізеді.

Отырысқа сараптама тобы басшысының қатысуы мүмкін болмаған жағдайда отырысты оның тапсырмасы бойынша сараптама тобы басшысының орынбасары өткізеді.

5.3. Отырысты жүргізетін сараптама тобының басшысы сараптама тобының мүшелеріне осы отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ақпарат пен мәліметтерді жеткізеді.

5.4. Сараптама тобы отырысының күн тәртібі, сондай-ақ қарауға жататын ақпараттық материалдар сараптама тобының мүшелеріне отырыс күніне дейін бір жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберіледі.

5.5. Отырысқа қатысатын сараптама тобы басшысының және/немесе мүшелерінің бастамасы бойынша дауыс беруге сараптама тобы отырысының күн тәртібін өзгерту туралы, сондай-ақ отырыстың күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізу туралы ұсыныс қойылуы мүмкін.

5.6. Сараптамалық топтың мүшелері қаралатын мәселелердің әрқайсысы бойынша дәлелді пікір айтады.

5.7. Сараптама тобының отырысында шешімдер отырысқа қатысып отырған сараптама тобы мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда сараптама тобы басшысының дауысы шешуші болып табылады.

5.8. Сараптама тобының отырысы, егер оған оның мүшелерінің кемінде жартысы (жұмыс тобы мүшелерінің уәкілетті өкілдері) қатысса, өткізіледі.

5.9. Сараптама тобының отырыстарында хаттама жүргізіледі. Отырыс хаттамасына сараптама тобының басшысы қол қояды.

5.10. Сараптама тобының отырысында қабылданған шешімдерді сараптама тобының хатшылығы, сараптама тобының мүшелеріне отырыс өткізілген күннен кейінгі үш жұмыс күнінен кешіктірмей жібереді.

5.11. Сараптама тобының отырыстары оффлайн және / немесе онлайн кез келген қолжетімді интернет-платформада өткізіледі.

**Согласовано**

19.04.2022 13:33 Батырбаев Аскар Куанышкалиевич  
19.04.2022 14:50 Рахметов Әділбек Русланұлы  
19.04.2022 14:58 Кенжесары Ақмарал Серікқызы  
19.04.2022 15:28 Ибраимов Талгат Болысович  
19.04.2022 15:33 Кожиков Ерболат Сельбаевич  
19.04.2022 15:44 Хайруллин Мураткали Каримович  
19.04.2022 18:58 Нугманова Марал Койшыбекқызы  
25.04.2022 09:32 Жолдасов Зулфухар Сансызбаевич  
26.04.2022 12:21 Момышев Т.А. ((и.о Сулейменова З.Б.))

**Подписано**

06.05.2022 13:20 БРЕКЕШЕВ Серіккали Аманғалиұлы